



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №27 (9581) 5 шілде 2024 ж.



ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Аудандық басқарма, кәсіпорын, мекеме басшылары, жауапты мамандары, кәсіпкерлер, шаруашылық иелері мен жұмыс берушілер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан жиында «Электронды еңбек шарттарын рәсімдеу, еңбек қауіпсіздігін сақтау, еңбек және салық заңнамасы талаптарын түсіндіру» мәселесі қаралды.

Жуырда аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Асхат Қалиасқаровтың төрағалығымен еңбек қауіпсіздігін сақтау жөнінде жиын өтті.

еңбек инспекциясына еңбек дауына байланысты 899 өтініш түскендігін атап өткен Әкімқазы Рамазанұлы көптеген жағдайларда жұмыс беруші мен жұмысшы арасында еңбек

оқиға тіркелген. Жазатайым жағдайлар туындағанда сақтандырудың жоқтығы жұмысшының әлеуметтік қолдауларға қол жеткізуіне басты қолбайлау болатын көрінеді.

Ал Жетісу облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасының бас маман – мемлекеттік еңбек инспекторы Балайым Шайморданова заман талабына сай еңбек жағдайларын цифрландыру мәселесіне жиналғандар назарын аударып, бұның барлығы «Еңбек кз» сайтында қолжетімді екендігіне тоқталды. Балайым Ермекханқызы жұмыс беруші мен жұмысшының арасында электронды еңбек шарттарын жасасу, қызметкерді сақтандыру, еңбек қауіпсіздігі бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу сынды мәселелерді өз сөзіне арқау етті. Еңбек даулары туындаған жағдайда Жетісу облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасының 8(7282) 32-94-41 телефондарына хабарласу керектігі де айтылды. Жиын соңы сұрақ – жауап форматымен түйінделді.

Партия ЖЕҢІСХАН.



Күн тәртібіндегі мәселе аясында Жетісу облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасының бөлім басшысы – мемлекеттік еңбек инспекторы Әкімқазы Ерленов сөз сөйлеп, былтырғы жылы облыстық еңбек инспекциясы тарапынан атқарылған жұмыстарды ортаға салды. Былтыр

келісімшарты жасалмайтындығын, осыған орай азаматтар тарапынан көптеген сұрақтар туындап, кедергілер пайда болатындығын тілге тиек етті. Сондай – ақ Әкімқазы Рамазанұлының айтыныша қазіргі таңда жұмысшыларды сақтандыру мәселесі өте өзекті. Мысалы, былтыр облыс көлемінде 32 оқыс

Дәстүрлі діни сана қалыптастыру

Деструктивті діни ағымдарға кетіп қалу қаупі бар жастарға жалпы әлеуметтік иммунитетті біртіндеп енгізу арқылы жат діни ағымдардың идеологиясына қарсы антивирус қалыптастыру күн тәртібіндегі маңызды мәселенің бірі болып отыр. Бүгінгі таңда біздің ауданда мемлекеттік конфессиялық қатынастардың негіздерін түсіндіру, діни экстремизмнің алдын алу, құқықтық және діни сауаттылықты арттыру мақсатында дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

Қазақтың дәстүрлі діни танымы – қазақ мәдениеті. Дін барлық қоғамда мәдениет түзуші рухани факторлардың негізгі ретінде қызмет атқарады. Қазақтың дәстүрлі діни танымына осы тұрғыдан қараған жөн. Діннің сенім негіздері сол дінді қабылдағандар үшін ортақ. Ал сол діннің аясындағы діни таным әр ұлттың өмірлік тәжірибесіне, дәстүрлі құндылықтарына сәйкес дербес қалыптасады. Бұл ерекшеліктерден ұлттың осы дінді қабылдағанға дейінгі болмыстық сипаттары көрініс таппай қоймайды. Қазақ даласына ислам діні келгеннен бері сол діннің аясында жетіліп, толысып, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың дәстүрлі діни танымы біздің рухани мәдениетіміздің өзегіне айналған. Сондықтан рухани мәдениетіміздің барлық салалары – ойлау жүйеміз, әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз, өнеріміз дәстүрлі діни танымымызбен тікелей байланыста дамыған, содан нәр алып тамырланған.

Қорыта келгенде өскелең ұрпақтың теріс діни ағым жолына түсіп кетпеуі қоғамның басты бас ауруы. Әлеуметтік желілерді көп қолданатын жастар басқа бағыттардың жетегінде кетпеуі үшін дәстүрлі діни сана қалыптастыру – зиялы қауымның басты парызы болып қала бермек.

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Журналистергі мерекемен құттықтады

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің төл мерекесі. Халықтың әл-ауқаты мен қоғам тынысынан хабар тарататын тілшілер қауымын жуырда аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев қабылдап, кәсіби мерекемен құттықтады.

Ғалымжан Қанатұлы нақты ақпарат, тұшымды хабар жасау арқылы мемлекеттік билік пен халықтың арасында алтын көпір рөлін атқаратын сала қызметкерлеріне жылы лебізін білдірді. Шара аясында "Сарқан" газетінің ұжымын және @sarkand_insta инстаграм парақшасының администраторы мен аудан әкімінің баспасөз хат-



шысына алғыс білдіріп, құрмет грамотасы мен алғыс хаттарын табыстады.

Мерекеге орай Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің

«Еңбек ардагері» медалімен Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі Игіман Жомарт Мақатұлы марапатталса, Жеңісхан Пар-

тия облыс басшысының алғыс хатымен мадақталды.

Өз тілшіміз.

10 шілде - Ветеринария қызметкерлері күні

ЕЛ ИГІЛІГІ ЖОЛЫНДА ЕҢБЕК ЕТУДЕ

Былтырғы жылдың соңында Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесі біршама жаңа атаулы мейрамдармен толықты. Солардың қатарында еліміздің ветеринария қызметкерлері биыл тұңғыш рет өздерінің кәсіби мерекелерін атап өтпекші. Осылайша шілде айының 10-ыншы жұлдызы ауылшаруашылық саласында өзіндік орны бар аталмыш сала қызметкерлерінің ерен еңбегіне құрмет көрсету мақсатында белгіленді. Бұл қатарда өзінің жылнамасын сонау 1972 жылдан жазатын Сарқан аудандық ветеринариялық зертханасы да бар.

Жуырда аудандық ветеринариялық зертхананың бүгінгі тыныс-тіршілігін білмекке барған болатынбыз. Зертхананың негізгі міндеті етті, сүтті тұқым бағытындағы малдарды қауіпті дерттерден сақтау мақсатында ауруларды анықтау, адамдарға жұғу жолын болдырмау болып табылады. Нақты айтсақ зертхана бруцеллез, эпидидимит сияқты ауруларды анықтаумен айналысады. Қосымша аусыл титр, листериоз, құрылымсыз белок, құтырық, лейкоз, хламидиоз, сібір жарасы сияқты ауруларды анықтау үшін патологиялық және биологиялық материалдарды қабылдап, облысқа жөнелтіп отырады екен.

Зертхананы бүгінгі күні ветеринария саласын жетік меңгерген білікті маман Құрақбаева Динара Маратқызы басқарса, Даулетова Жанбота, Максикаева Евгения, Сейсембаева Құндыз сынды алды 12, арты 17 жыл саланың ыстығына күйіп, суығына тоңып келе жатқан дәрігерлер ел игілігіне қызмет етуде. Өз істерін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқаратын Мұсабекова Назгүл, Тоғанбай Гүлім, Әмірсерікова Айжан, Жақсыгелдинова Айжан, Мұқият Малика, Хамзина Меруерт сияқты лаборант мамандар еңбегі де айтуға тұрарлық. Ал өмірінің 37 жылын осынау салаға арнап, жас мамандарға жақсы тәлімгер болып,



бай тәжірибесімен бөліскен Сербаева Рауза апайымыз ұжымның мақтанышы деуге болады. Сондай-ақ ортақ істің ілгерілеуіне Смайлханова Гүлназ, Мұқанова Бигүл, Сатылғанова Рая есімді 3 санитар өз үлестерін қосуда.

Заманауи, соңғы үлгідегі құрылғылармен жабдықталған орталықтың әлеуеті жоғары деуге болады. Осынау технологиялық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, зертхана бүгінгі таңда серологиялық әдіспен Ақсу және Сарқан



аудандарының барлығы 26 ауылдық округке диагностикалық зерттеулер жүргізуде. Атап айтқанда жылына шамамен Сарқан ауданында 88 000 ірі қара, 170000 ұсақ мал, 100 түйе, 50 шошқа, 150 ит, ал көрші Ақсу ауданының 84000 ірі қара, 250000 ұсақ мал, 22 түйе, 776 ит

тексеріледі.

Жүйелі жұмыс, ерен еңбек ешқашан ескерусіз қалған емес. Республикалық ветеринариялық зертхана басшысы Т.Елшібаев табыстаған Құрмет грамотасы Д.Құрақбаева, Ж.Даулетова, Е.Максименка, Р.Сербаева сынды мамандардың кәсібилігін айғақтайды. Сарқан аудандық ветеринариялық зертханасы 2017, 2019 және 2020 жылдары облыс көлемінде «Үздік зертхана» номинациясында I орын иегері атануы да орталықтың жүйелі жұмысынан хабар береді. Сонымен қатар облыс бойынша 3 жыл қатарынан мемлекеттік тапсырысты уақытылы орындау бойынша I орынды иеленуде. Біліктілікті жетілдіру ісі де назардан тыс қалған емес. Республикадан 1-2 патогенез бойынша маман Жақсыгелдинова Айжан 630 сағат оқып, өз шеберлігін шыңдады. Ауыз толтырып айтарлық мұндай жақсы жетістіктер, талағай табыстар көптеп саналады. Бұның барлығы ұжымның ұйымшылдығын, еңбекқорлығын, ең бастысы жауапкершілігін аңдатады.

Жылжыған жылдармен мамандар алмасады. Өмір заңы солай. Зертханада да ұрпақтар сабақтастығы үзілген емес. Ұзақ жылдар осынау зертханада меңгеруші қызметін атқарған Төлегенов Дәулет Төлегенұлы, химия-токсикология бөлімінің дәрігері Жансеркенова Мейіз Оразиманқызы, ветеринариялық дәрігер Есенова Баянсұлу Даулетбайқызы сын-

ды мамандар, қазіргі зейнеткерлер орталықтың мақтанышы, мерейі.

Жауапкершілікті, асқан қажырлылықты, төзімді талап ететін, күнделікті қиындықтармен бетпе-бет келетін ветеринария жер бетіндегі мамандықтардың ішінде өзіндік орны бар сала. «Медицина – адамды, ал ветеринария – бүкіл адамзатты емдейді» деген қанатты сөз босқа айтылмаса керек. Бір жылдары тоқырауға ұшыраған ветеринария саласы қазіргі таңда ақырындап жандана бастағандай. Ел үкіметі мамандар даярлау ісіне ерекше көңіл бөліп, қызметкерлердің жалақысын көтеріп, тиісті құрал-жабдықтармен, автокөліктермен қамтамасыз ете бастады.



Сөзсіз жайлауды малға, төскейді төлге толтыратын кешенді шаралардың бір тармағы – ветеринария ісін мықтап қолға алу қарапайым халықтың денсаулығын қорғау, әлеуетін арттырумен тікелей байланысты. Осы орайда біз жоғарыда сөз еткен ветеринариялық зертхана өз құзіреті шегінде өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып келеді деуге болады. Осы салада өз орындарын тауып, абыроймен жұмыс жасап жүрген мамандарды алдағы кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз. Ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз, мемлекетіміздің дамуына қосар үлестеріңіз жемісті, жеңісті болғай!

Партия ЖЕҢІСХАН.

Білім сапасын арттыруда «ТОPIQ» электронды оқулықтарының маңызы



Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында. Білім беру саласындағы қызметкерлердің жауапкершілігін атап айтатын болсақ, әрбір ұстаз балаға тиянақты, терең білім беруге, заман талабына сай ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерту, оның жетістіктерін сабақ үрдісінде тиімді пайдалануға міндетті. Жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдалану білім мазмұнының заман талабына сай болуына, оқушылардың болашақта қажетті білімді толығымен алуына, білімді ездігінен меңгеруіне, өзін – өзі бағалай алуына, өз күшіне сенімділіктің болуы-

на бағыттайды. Оқу үрдісінде мектептер, жоғары оқу орындары компьютерлік техниканы пайдаланудың локальді және ғаламдық жүйе мүмкіндіктерін кеңінен қолдануда. Оның ішінде электронды кітапхана, электронды басылымдар, электронды оқулықтар. Қазіргі таңда кез-келген мектепте электронды оқулықтар пайдалану кеңінен таралуда. Білім берудің кез келген саласында «Электронды оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, ойлау қабілетін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электронды оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Электронды оқулықтардың ең тиімді тұсы-баланың қызығушылығын оята отырып, білім алуға бар ынта ықыласымен баулуы. Бір ескере кетерлігі, дәстүрлі білім беру жүйесінде оқулықтар тізбектеле жазылып мейлі түрлі-түсті суреттері болсын, мейлі қызықты тапсырмалар болсын барлығы тек жазбаша. Ал электрондық оқулықтар - дыбыс құралы. Ол - мультимедиалы, яғни графика, мәтін, дыбыс және бейнеқұралдары біріктірілген. Ол - интерактивті. Бүгінгі күннің басты ерекшелігі оқу

процесін жетілдіру жолындағы ең озық әдістемелер іздестіріліп, оқу орындары әртүрлі оқу бағдарламаларымен жұмыс істеуде. Солардың ішінде «ТОPIQ» платформасының электронды оқулықтарын пайдалану арқылы оқушылар: - Оқу материалдары туралы дәл және толық ақпарат алып, оқыту сапасын арттырады. Оқу материалын саналы игеруге жеткізеді; - Оқу материалының маңызын арттырып, уақыттан ұтып, есте сақтау қабілеттерін жетілдіруге қол жеткізеді; - Мұғалім мен оқушы еңбектерін жеңілдетіп, пікір алысып, байланыстарын арттырады; -Электрондық оқулықты қолдана отырып оқушылар төмендегідей жұмыс жасауға мүмкіншілігі болады: -Өтілетін материалдарды дұрыс әрі жеңіл түрде түсінуге; -Оқушының ездігімен дайындалып, жұмыстың барлық кезеңдерінде өзін-өзі тексеруге; - Жұмысты тиянақты түрде орындап, мұғалімге файл түрінде тапсыруға; - Түсінбеген тақырыптарды шексіз қайталауға; - оқулықты сабақтарда қолданып, оқушының өз деңгейінде тапсырмаларды таңдауға; - білім деңгейін тереңдетуге; -ауызекі тілде сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруға; - өз бетінше іздену қабілетін қалыптастыруға; -ойларын

дамытуға; -тілді үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығының артуына; -сабақта өзін еркін ұстап, өз мүмкіншілігін кеңінен пайдалана алуына; -өз ісіне талдау жасай алуға көптен-көп көмегін тигізеді.

Аталған электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың сабаққа деген ынтасын жоғарылатып, ездігінен, мұғалімнің нұсқауынсыз тақырыптарды игеруіне және зертханалық жұмыстарға алдын ала дайындалуларына мүмкіндік туғызады. Жалпы электронды оқулықтар мен Web-парақтарды пайдалану үшін FrontPage HTML және т.б программалары қолданылады. Бұл программалар электрондық оқулықтар мен Web-парақтағы мәліметке мәтін графика, дыбыстық, бейнелік ақпарат түрлерін орналастыруға мүмкіндік береді. Қорыта келгенде электронды оқулықты қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Бұл білім сапасының артуына септігін тигізеді. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалық білім беруде электронды оқулықтарды сабаққа пайдалану - оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті, өз жетістіктерімізді айтып отырсақ ісіміз өнімді болады деген ойдамын.

Бақытжан САРСЕНОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Сарқан ауданы Лепсі ауылдық округі әкімін тағайындау жөніндегі сайлау туралы

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес Сарқан аудандық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарқан ауданының Лепсі ауылдық округінің әкімін сайлауы 2024 жылғы 4 тамыз айына тағайындалсын.

2. Сарқан аудандық Лепсі ауылдық округінің әкімін сайлауын дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы Сарқан ауданы әкімдігі сайтының «Сайлау» интернет-парақшасына, «sarkan_sailau» инстаграмына және жергілікті аудандық «SARQAN» газетінде жариялансын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудандық сайлау комиссиясының хатшысы Ш.Нурғалиеваға жүктелсін.

Төраға
Хатшы

М. Естеуов
Ш. Нурғалиева

Аумақтық сайлау комиссиялары

Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Орталығы: Сарқан қ., "Ардагерлер үйі", Қабанбай батыр к-сі, 24 а, тел. 8 (72839) 21996.

Комиссия төрағасы – Естеуов Муратбек Касымбекович
Комиссия төрағасының орынбасары – Кабдолданова Салтанат Сакеновна
Комиссия хатшысы – Нурғалиева Шолпан Каналовна
Комиссия мүшелері: Маткаримов Нурахмет Жанахметович, Аскарова Айгуль Оразғалиевна, Баяхмет Гүлжан Ерғазықызы, Сыдыков Алмаз Сыдыкович.

Сарқан аудандық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссиясының құрамын жариялайды

(п. 2, 17-құжат)

Лепсі ауылдық округі

№ 375 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Лепсі ауылы, М. Төлебаев к-сі, 8, МКҚК «Сарқан әкімінің Мәдениет үйі» заңды ұйымының №1 филиалы «Лепсі селолық Мәдениет үйі», тел. 8 (72843) 21532.

Комиссия төрайымы – Нуртулеува Светлана Кахармановна.
Комиссия төрайымының орынбасары – Мадыханов Сапарбек Аскербекұлы.
Комиссия хатшысы – Ахметжанова Алмагуль Аязбековна.
Комиссия мүшелері: Молтанова Сания Каримбековна, Тенизбаева Зульфия Алдашевна, Калимулдинова Айғаным, Бейбитова Камшат Балтабекқызы.

№ 376 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Лепсі ауылы, Д. Нұрпейсова к-сі, № 3, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «54 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ, тел. 8 (72843) 21255.

Комиссия төрайымы – Жорабекова Дина Диханқызы.
Комиссия төрайымының орынбасары – Мамырбеков Шалкар Токенович.
Комиссия хатшысы – Тунгатова Алия Баймуратовна.
Комиссия мүшелері: Джапаров Сеит Кабиевич, Шалова Нургуль Шалқыбаевна

№ 377 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Көкжиде ауылы, Төлебай батыр к-сі, 29, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Ерікті орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ, тел. 8 (72843) 22380.

Комиссия төрағасы – Жетибаев Максат Кумашевич.
Комиссия төрағасының орынбасары – Дуkenова Жанаргуль Сериковна.
Комиссия хатшысы – Балжанова Арайлым Ишанбекқызы.
Комиссия мүшелері: Омарова Айнангуль Дюсеновна, Конратбаевна Толкын Турсынбековна

ПОСТАНОВЛЕНИЕ РАЙОННОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

О назначении выбора акима Лепсинского сельского округа Сарканского района

В соответствии со статьей 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Сарканская районная избирательная комиссия ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Назначить выборы акима Лепсинского сельского округа Сарканского района на 4 августа 2024 года.

2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выбора акима Лепсинского сельского округа Сарканского района согласно приложения к настоящему постановлению.

3. Опубликовать настоящее постановление на интернет-странице «Выборы» сайта акимата Сарканского района, инстаграмм «sarkan_sailau» и районной газете «SARQAN».

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на секретаря районной избирательной комиссии Ш.Нурғалиеву.

Председатель
Секретарь

М. Естеуов
Ш. Нурғалиева

Территориальные избирательные комиссии

Сарканская районная территориальная избирательная комиссия
Центр: г. Саркан, "Ардагерлер үйі", ул. Кабанбай батыра, 24 а, тел. 8 (72839) 21996.

Председатель комиссии – Естеуов Муратбек Касымбекович
Заместитель председателя комиссии – Кабдолданова Салтанат Сакеновна
Секретарь комиссии – Нурғалиева Шолпан Каналовна
Члены комиссии: Маткаримов Нурахмет Жанахметович, Аскарова Айгуль Оразғалиевна, Баяхмет Гүлжан Ерғазықызы, Сыдыков Алмаз Сыдыкович

Сарканская районная избирательная комиссия публикует состав участковой избирательной комиссии

(п.2, ст. 17)

Лепсинский сельский округ

Участковая избирательная комиссия № 375

Центр: с. Лепсы, ул. М. Төлебаева, 8, Филиал юридического лица №1 «Дом культуры с. Лепсы» ГККП «Районный дом культуры акима Сарканского района», тел. 8 (72843) 21532.

Председатель комиссии – Нуртулеува Светлана Кахармановна.
Заместитель председателя комиссии – Мадыханов Сапарбек Аскербекұлы.
Секретарь комиссии – Ахметжанова Алмагуль Аязбековна.
Члены комиссии: Молтанова Сания Каримбековна, Тенизбаева Зульфия Алдашевна, Калимулдинова Айғаным, Бейбитова Камшат Балтабекқызы.

Участковая избирательная комиссия № 376

Центр: с. Лепсы, ул. Д. Нурпейсовой, 3, КГУ «Средняя школа № 54 с дошкольным мини центром» ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72843) 21255.

Председатель комиссии – Жорабекова Дина Диханқызы.
Заместитель председателя комиссии – Мамырбеков Шалкар Токенович.
Секретарь комиссии – Тунгатова Алия Баймуратовна,
Члены комиссии: Джапаров Сеит Кабиевич, Шалова Нургуль Шалқыбаевна.

Участковая избирательная комиссия № 377

Центр: с. Кокжиде, ул. Төлебай батыра, 29, КГУ «Средняя школа Ериктінская с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72843) 22380.

Председатель комиссии – Жетибаев Максат Кумашевич.
Заместитель председателя комиссии – Дуkenова Жанаргуль Сериковна.
Секретарь комиссии – Балжанова Арайлым Ишанбекқызы.
Члены комиссии: Омарова Айнангуль Дюсеновна, Конратбаевна Толкын Турсынбековна.

Әдеп нормаларын сақтаудың мемлекеттік қызмет жүйесіндегі орны

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметші адал, әділ, қарапайым болуы, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауы, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуы қажет.

Ұжымда түсіністік пен сенім атмосферасын қалыптастыру, сондай-ақ қызметтік әдеп нормаларын сақтау – мемлекеттік қызметшінің

жалпы міндеті. Қолайлы жұмыс атмосферасы мемлекеттік қызметшіге өз әлеуетін ашуға, өз көзқарасын ашық жеткізуге, білімімен бөлісуге және жалпы міндеттерді орындауда ұжымды жұмылдыруға жағдай жасауға мүмкіндік туғызады. Біз мемлекеттік қызметшілер арасында әдеп нормаларын насихаттау мақсатында әртүрлі іс-шаралар мемлекеттік қызметтегі әдеп нормаларын (мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттары, қызметтік әдебінің стандарттары) ілгерілетуге,

қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыруға, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің оң имиджін қалыптастыруға, оның қызметінің тиімділігін арттыруға және т. б. бағытталған жұмыстар жасаймыз. Мемлекеттік қызметкерлер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге көп көңіл бөлінеді: кездесулер, семинарлар, әңгімелер ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілер жеке және заңды тұлғалардың

өтініштерін қарауда, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбай, оларды қорғау және қалпына келтіруге бағытталған шаралар қабылдауды, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және өуре-сарсаңға салуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға тиісті.

Сондықтан, мемлекеттік қызметшілер тарапынан Әдеп кодексінің талаптарын сақтау басты міндет болып табылады.

Алмагүл НҰРПЕЙІСОВА,
Алмалы ауылдық округінің
бас маманы.

Қазір әлеуметтік желінің дәурені жүріп тұрған заман. Талайлардың уақыты сонда өтіп жатыр. Сол ғылымның жаңалығын жұрт әрқилы һәм әртүрлі мақсатта пайдаланып жатыр. Оны қоғамның игілігіне, қазақтың бас пайдасына бағыттап, сондағы қалың қазақты тәлім-тәрбиеге, отбасылық құндылыққа бет бұрғызып жатқандардың қатарында Нұрлан имам бар. «Тиктокер имам» атанған Нұрлан Байжігітұлы жуырда Жетісу жеріне табан тіреген еді. «Сабақты ине сәтімен» деген, желіде жүйелі әңгімесі бар, кейде күлдіріп, кейде тәмсілдеп сөйлейтін имаммен аз-кем дидакталасқан едік. Сол сұхбатты назарларыңызға ұсынып отырмыз.



—

Жан дүниенің де тазалығы

— Нұрлан Байжігітұлы, қол бастаудан сөз бастау қиын заманда өмір сүріп жатырмыз. Біреу біреудің аузын аңдыған кез болды бұл. Дейтұрғанмен елдің алдына шығып сөз бастап жүрсіз. Діни, рухани бағыт-бағдар беріп келесіз. Айтыңызшы, қазіргі қоғамымыздың діни деңгейі қандай?

— Шынын айтайын, тәй-тәйлап жүріп енді дене тіктеп, бой көтерген, жаңадан қадам басып жатқан бала секілдіміз. Өйткені әлеуметтік желіден, мешіттегі жамағаттан, қоғамнан аңғаратынымыз, өткен 30 жылымыз босқа кетті дей алмаспыз, дейтұрғанмен, біз басқа арнада дамығандаймыз. Руханияттан кешеуілдеп, істерімізде сәл үйлесімсіздіктің байқалуы, мұсылман әлеміне қарай иектеп бой түзесек те кей қарекетіміздің дұрыс болмай жатқаны, істеріміз бен амалдарымыздың сәйкес келмеуі соны айғақтаса керек. Жалпы, исламды біз қалай түсініп жүрміз? Осы сауал қоғамды, оның ішінде зиялы қауым өкілдерін жиі толғандырады. Қазір біз құлшылық дегенді бірер танымның айналасында түсініп қалдық. Мұсылмандықты мешіт және медресе, намаз және ораза деп қана түсінетін замандас көбейіп барады. Алайда, ислам — осы төртеуді ғана қамтымайтын дүние. Ол — адамның өмір сүру дағдысы, дүниеге келу мен кету арасындағы жүрер жолдың үрдісі. Бізде Алладан қорқу деген жоқ. Тек адамға жақсы көріну деген бар.

— Осы ретте бір сұрақ қылаң береді. Иегіне сақал қойып «субханаллах, мен мұсылманмын» дейтұғын замандас көбейді. Қазіргі жастардың сақал қою дағдысы туралы не дейсіз?

— Бірнеше жыл бұрын бір мектептің оқушысы сақал қойып алыпты. Онысы тым тұрпайы. Содан директордан «Мынаған қарамайсыз ба?» — деп сұрадым. Сонда білім ұясының басшысы «Бізге тиіспесе болды», — деп жауап берді. Сабақ үлгерімі 3-ке өрең жетіп тұр екен. Ислам — ауыздан шыққан арабша сөз бен хадисті қамтымайды. Ислам — тазалықтың діні. Иекке өскенді қалыпта ұстап, оның тазалығын да қамтамасыз ету керек. Сақал қойып, хадисті айтып, әйелін көгала торғайдай етіп сабайтын-дар бар. Дінімізде 4 ұлы имам өткен. Сол төртеудің бірі Имам Ахмет бірде мешітке кірсе, онда адам толы екен. Имамды жанындағысы түртіп: «Имеке, мешітке адам көп. Шамамен қанша адам екен?» — деп сұрапты. Имам Ахмет «Біреу» деп қысқа қайырыпты. Қасындағысы тік мінезді болса керек, «Соқырсың ба?» — деп дүрсе қоя беріпті. Сонда имам: «Аузымен Исламды айтып, жүрегінде иман болмаса сол соқыр. Үйінде әке-шешесі тірі тұрып, оған қызмет етпесе, ол да соқыр. Өзге бір әйелдерге қарағанда

«машаллах» деп сүйсініп, үйіндегі әйелін адам құрлы көрмесе, ол соқыр. Тура сол сықылды өзіңді елге жақсы көрсетіп, шынайы өмірің басқа болса соқырдың соқыры», — деген екен.

Заман сондай ма, адам сондай ма, әйтеуір қазіргі Ислам сырттың келбеті болып барады. Сыртқы болмысын жақсы көрсетіп, Instagram-ға екі рет сурет жүктесе, Меккеге барып, екі рет Қағба алдында суретке түссе жетіп жатыр дегенді ойлайтындар көп. Бірақ осы жайлар оның өмірінде бар ма, сол дағдымен өмір сүріп жатыр ма? Мәселе осында. Әлеуметтік желіге орамал таққан иманды қыз-келіншектеріміз хат жазып тұрады. Сондай хаттардың дені «Жүрегінде иманы бар, сондай имандылыққа кенелген азамат деп тұрмысқа шығып едім. Бәрі шаңырақ көтергеннен кейін өзгерді. Әйел үстіне әйел алды. Үйленгенше есік ашқан жігіт үй болғасын ар-намысымды аяққа таптады» деген сыңайда. Бір емес, мындаған хаттан кейін «біз қайда барамыз» дейтін ойдың жетегіне жегілемін.

Индонезия деген мемлекет бар. Өлемдегі мұсылманы көп ел де осы. Бұрын 100 пайыз буддист болған халық. Мұнда келген исламды насихаттаушылардан діннің алғышарттарын сұрайды ғой. Олар хақ дін жайында түсіндіреді. Күнделікті ұстанып жүрген салты болған соң жаппай ислам дініне өтеді. Қазір көп әйел күйеуі намаз оқығаннан бері қорқатынын айтады. Неге? Өйткені ер-азаматтарымыз намаз оқи бастағаннан «тоқал аламынға» көшеді. Бірде мешітке жамағатпен дидакталасып тұрғанмын. Со-надайда жайғарсан жігіт сұрақ қоя бастады. Ислам діні жайында. Не керек, сұрақ аяқталмай жатып құлағы жыбырлады ма, белгісіз, машинасының кілтін алып есту мүшесіне бағыттады. Көзі айналып кеткенше құлағын шұқып жатыр. Сонда да сұрағын қояды. «Қышыған жеріңнің бәрін қасып ал. Алланың сөзі аузыңнан шығып тұрғанда құлақ шұқуың басқа жерді қасуыңмен тең», — дедім. Өлгім шорт сынып: «Құлақ шұқу басқа жерді қасумен тең бе?!» — демесі бар ма? Міне, ата-бабамыз бізге қандай тәрбие берді? Үлкеннің алдында құлақ шұқымақ түгілі оғаш қылық көрсетпеуді үйретпеп пе еді? Мұсылман болып өмір сүру — жанның тазалығы мен тәннің тазалығын қатар ұстау.

— Нұреке, баба жұрттың тәлімі «үлкенге құрмет, кішіге ізет» еді. Қазір сол қалып қалып жатқандай ма? Бастан сөз асырмау, беттен алу, жаға жыртқысу деген белең алды. Әлеуметтік желіде белсендісіз. Сондағы тайталасты көріп те жүрген шығарсыз?! Бұл бәлекет қайдан келді? Өзіңіз айтпақшы, намаз оқитындар аз уақытта кішіпейіл едік, намаз оқитындар көбейгенде «менмендер» көбейіп кетті ме?

— Әлеуметтік желіден бөлек, халықпен де жиі кездесемін ғой. Сонда байқағаным, орамалсыз, ешқандай жабынбаған қыздардың сұрағы болашақ жарымды қалай таңдасам болады, қалай бақытты боламын, дүниеге әкелген ұрпақты қалай бақытты етемін, т.б. деп келеді. Ал қымтанып, орамал таққан қыз-келіншектер ана хадис былай делінген, бұл дұрыс па, мына хадис былай жазылған, бұл бұрыс па? Содан хадис жайлы сұрағандардан «өзің аудармасың сол хадисті оқыдың ба?» — деп сұраймын. Оқымаған, тек естіген. Көбі дей алмаймыз, дені. Намаз оқып жүргендер біле бермес, намаздың негізгі шарты — тәкаппарлықты сындыру, мойындау. Абай атамыз айтпақшы, ешкім емес екенінді мойындау. Маңдайыңды жерге тигізіп, топырақты иіскеп, өзіңнің топырақтан жаратылғаныңды білу. Намаз — нәпсіні сындыру. Жастардың әлеуметтік желіде, әсіресе tik-tok-та билеп-билеп салған жазбасы көп мұсылманға тіл тигізуі мүмкін. Себебі, сын көзбен қарайтындар жеткілікті. Жуырда бір қарындасымыз (орамал тағып, желіде былапыт сөз айтқан отандасымыз болуы керек — автор) желіде аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып біраз ғайбат сөз айтып танылды. «Атың шықпаса жер өртенің» кері. Болмашыға баянсыз жазба салып, жаман атқа қалды. Мұсылман адам бірінші кешірімді, кішіпейіл болуы керек.

— Қазақ қоғамында бала тәрбиесі, отбасы құндылығы, ата-ананы құрметтеу сынды күйіп тұрған мәселелер бар. Осы мәселелерде неден сүріндік? Шыбықты тал етуде кемшін қалып жатқан жоқпыз ба осы?

— Ғұламалардан жеткен мынадай қағида бар: «Балаң жас кезінде Құдай туралы айтпасаң, есейгенде Құдайға балаң туралы айтасың», — деген. Әрине, әрбір ата-ана баласы есейгенде «Құдайға баласы туралы айтқызбасын». Қазақ халқының бала тәрбиесіндегі формуласы бар: «Балаңды жастан, әйелді бастан». Ұрпақ тәрбиесінде біз ұлттық құндылықты сыналап сіңіруіміз қажет. Иілгіш шыбық секілді жас ұрпақты тым шектей де беруге болмайды, «сенің жасағаның дұрыс емес» деген шектеу мен шідерлеуден гөрі дұрыс өмір сүрудің қағидасын құрып, бағытын айқындап беруіміз керек. Бір қызық мысал, мектепте бір бұзық оқушы болыпты. Қыз біткенге қырғидай тиіп, терезе, есік демей шағып, маңайын бүлдіріп жүреді-міс. Содан мектеп басшылығы баланың әке-шешесін мектепке шақыртыпты. Сөйтсе, баланың әкесі тақия киген, тәспі ұстаған кісі екен. Мұғалімдер таңданысын жасырмай: «Мына бала сізден туған ба өзі? Сізден тәрбие алмаған ба?», — деп сұрайды ғой. Өлгі кісі саспастан: «Баяғыда арақ ішіп жүрген сәтте туған бала еді», — депті.

Міне, біздегі кей жағдайдың сипаты осылай. Ислам — көру емес, сонымен жүру. Әрине, бала көргенін емес, үлгі еткенді алады. Сақал қойған жігіт 40 жаста болса, сол жасына тағы 40 жас қосқан кейіпте болуы тиіс. Орамал таққандарға да солай. Тәй-тәй басып келе жатқандар сондай кісілерден үлгі алса игі. Дүниеде ұрпаққа «мен шыққан шыңнан биікке шықса» деп тілейтін біреу бар. Біреу емес, екеу. Ата-ана. Өкелер балаға деген махаббатты көрсете қоймайды. Бұл баланы сүймейді дегенді білдірмейді, өкелер баласын жан-тәнімен сүйеді. Қазақ «Бала белде» дегенді бекер айтпапты. Өкелердің сезімі желке, омыртқадан шығады. Содан екен, әдетте балалар әкесін алдыға салатыны. Ал аналар омырауы арқылы өміренеді. Екеуі бірлесіп балаға махаббат береді. Сол махаббат әрбір балаға кемшін берілмесін. Есесіне балалар ата-анасына құрметін аямасын.

— Осы қазір қазақтың наным-сенімін, салт-дәстүрін жоққа шығарушылар көбейді. Оларға салсақ, домбырадан бастап, балалар ойнайтын асықтан безуге тура келіп тұр. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген Абайды шығарған қазақтың ырым-тыйымы, наным-сенімі бұрыс болғаны ма?

— Біз негізі осылай-осылай түзеліп кететін шығармыз. Кейде менің де жүрегім ауырады. Ұлттымыздың құндылықтарын, қасиеттеріні, ұрпақтан ұрпаққа, әкеден балаға жеткен қазыналарын аяққа таптап, сөзімізді бұрмалап, пайғамбарымыз (с.ғ.с) көрсетпеген, бірақ өзге бір елдерде бар салт-жоралғыны қоғамымызға әкелуде. Қазақ онсыз да ашық-шашық киінбеген. Бізге басқа елдің көйлегін кигізудің қажеті жоқ. Шыны керек, ұлттық құндылықтарымызды әспеттейтін уақыт жетті. Уағыз турасына келейік, көп жұртты жиып ап: «өлесің, өртенесің, тозаққа түсесің, құрттайсың» деп ана дүниеге барып келгендей сөз сөйлеу басым. Кейде оларға «Айналып қана кетейін, пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадистерінен, 4 ұлы сахабасынан мысал келтіріңдер, бірақ одан өзге «ғұлама-ғалымдарды» тықпаламай, қазақтың өз данышпандарын жамағатқа, ұрпаққа үлгі етіңдерші», — дегім-ақ келеді. Қазақ әу бастан Құдай мен Құранды, мейірімділік пен кішіпейілділікті, бастысы, адамдықты басты құндылыққа балайды. Одан туған данышпандар да, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген Абай бастаған ақындары да қоғамды тәрбиелеуге таптырмас мысал. Анау дұрыс, мынау бұрыс дегенмен қазақтың ұлттық кеңістігін әр дүниемен ластай беруге болмайды. Жалпы, ұлттық салт-дәстүрімізді жоққа шығару арқылы исламды, төл руханиятымызды өркендетпейміз. Керісінше, әлсіретіп, жұрттың көзіне жиіркенішті етеміз. Асыл дінімізді насихаттаудың өзге де жолдары бар ғой.

— Қазақтың ырым-тыйымдарына, салт-жоралғыларына көзқарасыңыз қалай?

— Бабаларымыз тегін ештеңені істемеген ғой. Ырым-тыйымның астарында үлкен тәмсіл бар. «Есікті керме», «Үйге қарай жүгірме», «Малды ұрма» деген сынды тыйымдардың мәні бар. Ал «алдымды қара мысық кесіп өтті» деп оны көлікпен басып өлтіру санаға сыймайды. Ол мақұлық жөнімен кетіп бара жатыр. Содан соң қазір «жұлдыздарға» баласының аузына түкірту деген шықты. Аузына түкірту бұл инфекция тарату, тазалыққа жатпайды. Әр адамның өзіне тән иісі, гигиенасы болады әрі ол тазалық деңгейіне қарай өрбиді. Ал, енді оны үп еткен желге ауырып қалатын кішкене балаға апарып жағу қаншалықты дұрыс? Бұрын қазақ баласын парасатты, елге сыйлы адамның алдына апарып, маңдайынан сүйгізіп, сүф деген лебін алатын. Соны қазір түкіртуге ұластырды. Жуырда біреу «тәспі тартып отыр едім, үзіліп қалды, енді не болады?», — деп сұрады. «Ештеңе, қытай жібі болған», — деп жауап қаттым (күледі). Жалпы, қазақтың ырым-тыйымы ұрпақ тәрбиелеудің құралы ғой.

— Нұрлан Байжігітұлы, уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет!

Құрметті Көктерек ауылының сайлаушылары!

Мен, Смағұлов Серік Құрманұлы, 1966 жылы 24 қыркүйекте Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданы, Көктерек ауылында дүниеге келдім. Білімім - жоғары. Мемлекеттік қызметте 24 жыл жұмыс істеген тәжірибемнің арқасында округте көтерілген мәселелерді шешу жолдарын білемін.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР:

► Ауылдық мәдениет үйінің құрылысының аяқталуына атсалысу;

► М.Мәметова атындағы орта мектебіне акт зал, спорт зал, асхана салу;

► Округтегі жайылымдық жер тапшылығы байқалады;

► Округ бойынша «Тлеулі» гидроқұрылымы апатты жағдайда тұр және «Тлеулі» каналы тозығы жеткен, қолданысқа жарамсыз;

► Су құбырының аумағын қорғауды қамтамасыз ету;

► Ауыл ішіндегі жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайы (50% 10 км);

► Дала және ауыл ішіндегі өрттердің алдын алу;

АТАЛҒАН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ЖОСПАРЫМ:

► 2024 жылы ауылдық мәдениет үйінің құрылысының аяқталуына атсалысып, аталған жылы халық қолданысына беру жоспарда бар. Өздеріңізге белгілі мәдениет үйінің 85% құрылысы аяқталып тұр. Тамыз айында конкурс аяқталып, мердігер анықталғаннан кейін құрылысы ары қарай жалғасатын болады.

КӨКТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ С.СМАҒҰЛОВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ды. Сонымен қатар, барлық жастағы тұрғындарды дене шынықтырумен айналысуға тарту үшін спортпен шұғылдануға қолайлы жағдай жасау мақсатында мәдениет үйінің жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін бокс үйірмесін көшіру және жаңадан күрес үйірмесін ашу жоспарда тұр. Тұрғындардың спортпен шұғылдануға қолайлы жағдай жасау мақсатында ауылымызға 2024 жылы футбол алаңы салынды, ендігі кезекте балаларға арналған спорт үйірмелерін ашу жоспарда бар.

М.Мәметова атындағы орта мектебіне акт зал, спорт зал, асхана салу жұмыстары 2025 жылға жоспарлануда. Оқушыларға сапалы білім беру, денсаулықтарын жақсарту үшін аталған құрылысты қолға алып, мектебіміздің көркеюіне ат салысамын.

Округтегі жайылымдық жер тапшылығы бойынша осы күнге бірқатар жұмыстар атқарылып, 2024 жылдың тамыз айында біздің ауыл бойынша 25 лотқа 30 700 га жайылымдық жер қойылып, халық қолданысына берілетін болады. Бұл мәселе шешімін тауып, біздің ауыл тұрғындары мал шаруашылығын дамытып, ауылдың дамушы аграрлық аймақ ретіндегі позициясын нығаятын болады. Халықтың 50% жайылымдық жерлермен қамтамасыз



етілген жағдайда мал шаруашылығы дамуына үлкен үлесін тигізеді.

Округ бойынша «Тлеулі» гидроқұрылымы апатты жағдайда тұр және «Тлеулі» каналы тозығы жеткен, бүгінгі күнде қолданысқа жарамсыз. Осы орайда, аталған мәселенің жобасы дайын және қаражат қарастырылуда. Қаражат қарастырылып, 2025 жылы «Тлеулі» гидроқұрылымы мен каналға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, суармалы жерді игеру жұмыстары қарқынды жүріп, тұрғындардың әл-ауқатының көтерілуіне әсер ететін болады.

Су құбырының аумағын қорғауды қамтамасыз ету жұмыстары бойынша ауылымызда орналасқан су құбырының аумағына бейнебақылау қою және қоршауларын ауыстырып, су қоймасының ішіне бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу үшін 2024 жылы аталған мәселе шешімін табады. Бұл мәселе ауыл тұрғындарының өмір қауіпсіздігін күшейту мақсатында жасалғалы отыр.

Ауыл ішіндегі жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайы (50% 10 км). Аталған мәселені шешу үшін бірқатар жұмыстар жасалды. 2025 жылы ауылымыздағы жағдайы өте төмен Абжанов, Уалиханов, Әуезов, Төлебаев

және Ақын Сара көшелерін асфальттау жұмыстарын жасау жоспарда бар. Аталған мәселенің жобалары дайын. Экспертизалар 2025 жылы жасалынатын болады. Көше жолдарын жөндеу жұмыстары жүргізілсе, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі одан әрі жақсара түседі.

Дала және ауыл ішіндегі өрттердің алдын алу. Аталған іс-шараның шешімін табу мақсатында ауылға өрт сөндіру бекеті салынуда. Ең алдымен бізге жеке өрт сөндіру көлігін орналастыратын бокс қажет болған еді, бұл мәселе де шешімін табуда. Ендігі кезекте аудандық төтенше жағдайлар бөлімінен өрт сөндіру көлігін алуға сұраныс жасалды. Биылғы жылдың аяғына дейін осы мәселе өз шешімін тауып, ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі және жайылым, шабындық жерлерді өрттен сақтауды қамтамасыз ету мақсатында жасалатын болады.

Қорытындылай келе, жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде инженерлік-коммуникациялық және жол инфрақұрылымының өзекті мәселелері шешіліп, халықтың жағдайының сапасы артады. Білім сапасы да көтеріліп, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі жақсаратын болады.

Алдағы 4 жылда Көктерек ауылы дамушы ауыл шаруашылығы өңірі ретінде позициясын нығайтып, халық табысының ұлғаюы күтілуде, бұл ретте негізгі үлесін шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған жобалар құрайтын болады.

Менің барлық жұмысым жерлестерімнің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталатын болады және осы мәселелерді қамтамасыз етуге бар күш-жігерімді саламын.

КӨКТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ С.ЖАРМУХАМБЕТТИҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Көктерек ауылының сайлаушылары!

Мен, Жармухамбет Салтанат Калмухамбетқызы 1995 жылы 23 қазанда Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданы, Көктерек ауылында дүниеге келдім. Білімім - жоғарғы. Мемлекеттік қызметте жұмыс өтілім 6 жылды құрайды.

Менің бағдарламамның негізгі бағыттары мыналар болмақ:

Мен ең бірінші Қазақстан Республикасының Конституциясының талаптарына сәйкес жұмыс жүргізетін боламын.

Мемлекет басшысының жолдауында айтылған басымдықтар мен бағыттардың орындалуы қамтамасыз етілетін болады.

Ол үшін ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту, экономикасын дамыту үшін келесі жұмыстарды атқаратын боламын:

1. Өндірісті, шағын және орта бизнесті дамыта отырып, жұмыссыздық деңгейін төмендету.

Көктерек ауылдық округі өндірісті, шағын және орта бизнесті, яғни ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы аймақ болып табылады.

Алдағы уақытта ауылдың әлеуетін ескере отырып, даму бағдарламасы дайындалады. Аталған бағдарламаға сәйкес, өнімдері нарықта аса қажеттілікке ие жобаларды жүзеге асыратын боламын. Осы орайда, ауыл шаруашылығы саласын дамыту, шаруаларға және ауыл тұрғындарына қолайлы жағдай жасау менің басты міндетім.

Біздің өңірде ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы жақсы дамыған. Мал шаруашылығының даму қарқынын түсірмей, ендігі кезекте ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жұмыстарын қолға алу жоспарда.

2. Білім және спорт сапасын арттыру, жасөспірімдерге қолайлы жағдай жасау.

Ауылда жалпы 1 мектепте 110 оқушы білім алуда. Бүгінгі күнде мектебіміздің кейбір бөлігі жарамсыз болып тұр. Менің жоспарыма сәйкес алдағы уақытта мектептің жарамсыз болып тұрған акт зал, спорт зал және асханасына күрделі жөндеу жұмыстарын жасап, оқушылардың қолданысына беру.

Жалпы 2023-2027 жылдары өткізілетін мәдени көпшілік, спорттық іс-шаралар жалғасын тауып, денешынықтыру және спортпен шұғылданатын тұрғындардың саны 70% асатын болады.

3. Ауылдың жол инфрақұрылымын дамыту.

Округ аумағында тас жолдарының жалпы ұзындығы 10 шақырым, оның ішінде қанағаттанарлық жағдайдағысы 50% құрап отыр. Менің бағдарламама сәйкес, 2025 жылға қарай ауыл бойынша қанағаттанарлық орта жағдайғы жолдардың үлесі 90% жететін болады.

4. Ауыл тұрғындарының қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Тұрғындардың қауіпсіздігі мен тыныштығы басты назарда болады. «Қауіпсіз ауыл», «Түнгі ауыл», «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік», «Жасөспірім» профилактикалық шаралар жүйелі түрде өткізіледі. Нәтижесінде 2027 жылға дейін көше мен қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстардың алдын алу, оның ішінде жасөспірімдер қылмыстарын төмендетуге жұмыстар бағытталатын болады.

КӨКТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ М.САБИТОВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Көктерек ауылының сайлаушылары!

Мен, Сабитов Мирхат Ташболатович, 1969 жылы 11 мамырда Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданы, Көктерек ауылында дүниеге келдім. Білімім – арнаулы орта.

АУЫЛДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР:

- Округтегі жайылымдық жер тапшылығы байқалады;
- Ауыл ішіндегі жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайын жақсарту;
- Ауылдағы шаруа қожалықтардың малдарын тұқымдық түрлендіру арқылы асыл тұқымды малдарды көбейту.

АТАЛҒАН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ЖОСПАРЫМ:

Экология. Ауылды көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын үнемі жүргізу.

Әлеуметтік қорғау. Мүгедектерге, зейнеткерлерге, ардагерлерге, тұрмысы төмен отбасыларға және көп балалы аналарға үнемі көмек көрсетіп, бақылауда ұстау.

Медициналық қызмет. Ауылдағы медициналық қызметтің сапасын арттыру.

Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жастармен үнемі жұмыс жүргізу. «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен ауылға жастарды шақырып, бос жұмыс орындарын ұсыну.

«Жұмыспен қамту», «Еңбек» мемлекеттік бағдарламалары бойынша жұмыстарды жүргізіп, ауыл халқының әлеуметтік жағдайын көтеру.

Ауылдағы жарық саны аз көшелерін жарықтандыру.

Ұялы байланыс қызметінің сапасын арттыру.

Округтегі жайылымдық жер тапшылығы бойынша осы күнге бірқатар жұмыстар атқарылып, 2024 жылдың тамыз айында біздің ауыл бойынша 25 лотқа 30 700 га жайылымдық жер қойылып, халық қолданысына беріп, әрі қарай ауыл халқын шағын және орта бизнеспен қамтамасыз ету. Бұл мәселе шешімін тауып, біздің ауыл тұрғындары мал шаруашылығын дамытып, ауылдың дамушы аграрлық аймақ ретіндегі позициясы нығаятын болады.

Ауыл ішіндегі жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайын жақсарту. Бұл мәселені шешу ең алдымен халыққа тиімді, тұрмыс-тіршілігіне қажетті жағдайды жасау болып тұр. Нәтижесінде, жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдарының үлесі 100%-ға дейін ұлғайтылады.

Қорытындылай келе, жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде ең бірінші халықтың жағдайының сапасы артады. Білім сапасы да көтеріліп, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі жақсаратын болады.

Алдағы уақытта Көктерек ауылы дамушы ауыл шаруашылығы өңірі ретінде позициясын нығайту менің негізгі мақсаттарымның бірі.

Бұлшық ет суда тартылып қалғанда не істеу керек

Керемет жүзе білу-су айдындарында қауіпсіз демалудың кепілі. Суға шомылу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек және аса сақ болу керек. Судағы құрысулар сияқты қиындықтардан ешкім иммунитетке ие емес. Судағы құрысулардың негізгі себебі-бұлшықеттердің дайындалмауы және кенеттен шамадан тыс жүктелуі, сондай-ақ судың төмен температурасы. Сондықтан күн шуақты, желсіз ауа-райында +20оС жоғары су температурасында шомылу жақсы. Суға түспес бұрын, дененің су температурасына үйренуі үшін жағаға су құю керек. Суда, егер сіз кенеттен қолыңызды немесе аяғыңызды қысып тұрғандай сезінсеңіз-Судан тез шығу үшін қолыңыздан келгеннің бәрін жасаңыз.

Егер сіз жағадан алыс болсаңыз және сізге көмексіз шығу қиын болса, келесідей әрекет етіңіз: - Арқаңызға бұрылыңыз. Егер сіз бұған дейін арқаңызда жүзіп жүрсеңіз, онда кеудеге бұрылыңыз. Дене қалпын өзгерту маңызды; - Егер сіз қолыңызда тартылу сезімін сезінсеңіз, қолыңызды жұдырығыңызға тез қысыңыз, содан кейін қолыңызды күрт сыртқа лақтырып, жұдырығыңызды ашыңыз. Мұны бірнеше рет жасаңыз; - Егер балтыр бұлшықеті тартылса, аяғыңызды қолыңызбен бүгіп, орап көріңіз, содан кейін аяғыңызды өзіңізге қарай тартыңыз; - Егер жамбас бұлшықеттері жиналса, аяғыңызды сыртқы жағынан білегіңіздің астынан ұстап көріңіз. Содан кейін аяғыңызды тізеңізге бүгіп, қолыңызды артқа қарай қатты тартыңыз. Осы әрекеттердің барлығын арқаңызбен суда жату ыңғайлы; - Шомылу кезінде өзіңізбен бірге купальникке немесе балқымаларға бекітілген түйреуіш болуы керек. Ұстама кезінде зардап шеккен қолды немесе аяқты түйреуіш немесе басқа өткір затпен шаншу керек; - Демалу және күш алу үшін дененің ең тиімді позициясы-арқадағы позиция; - Егер сізде күш болмаса және құрысу өтпесе, жағадағы адамдардың назарын аударуға тырысыңыз.

Құрметті азаматтар! Есіңізде болсын, су қателіктерді көшірмейді. Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз, өз өміріңізді және жақындарыңыздың өмірін сақтаңыз!

Төтенше жағдай туындаған жағдайда құтқару қызметіне "101" және "112" телефондары бойынша қоңырау шалыңыз.

Абылай ДҮЙСЕНБАЙ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Көк отынның қауіптілігі

Сұйытылған газды тұрмыста пайдаланудың тиімділігі, ұтымдылығы және үнемділігі біздің ауданда газ тұтынушылар санының көп болуын айтарлықтай дәрежеде түсіндіреді. Бірақ газды дұрыс қоспау және тасымалдау өте қауіпті екенін есте ұстаған жөн.

Сарқан ауданының ТЖБ қызметкерлері төтенше жағдайлардың алдын алуға, тұрмыстық газ құрылғыларын пайдалану ережелерін бұзу салдарынан қаза болу мен жарақаттануға бағытталған іс-шараларын өткізеді.

Шаралар аясында халықпен және шаруашылық объектілерімен ауқымды үгіт-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жергілікті атқарушы органдармен жатахана объектілері, газ баллонын пайдаланатын жеке мекемелер, сондай-ақ автогаз құю станциялары бойынша рейд ұйымдастырылды және өткізілді. Рейд барысында тұрмыстық газды қауіпсіз пайдалану ережелері туралы нұсқаулықтар жүргізілді; жанармай құю станцияларының қызметкерлерімен АГҚС-да тұрмыстық газ баллондарын толтыруға жол бермеу туралы нұсқаулықтар жүргізілді. Абоненттер газ баллондарын сатып алған кезде жаднамалар тарату арқылы халыққа баллон газын өткізетін ұйымдар арқылы жаднамалар тарату ұйымдастырылды.

Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз:

- 2 қабаттан жоғары қабатты тұрғын үйлерде газ баллондарын пайдаланбаңыз; - үй-жайларды өз бетімен газдандыруды, газ аспаптарын, баллондар мен тиек арматура-сын ауыстыруды және жөндеуді жүргізбеңіз; - жұмыс істеп тұрған газ аспаптарын қараусыз қалдырмаңыз; - газдың ағып кетуін тексеру үшін ашық отты пайдаланбаңыз (осы мақсатта сабын ерітіндісін қолданыңыз); - газ аспаптарын пайдалануға балаларды жібермеу және оларды қараусыз қалдырмау; - газ жабдығын орнату кезінде жиһаз бен басқа жанғыш материалдардан келесі қашықтықты сақтаңыз: - ең жақын тік бетке дейін көлденеңінен 0,2 м кем емес; - тігінен 0,7 м-ден кем емес, оның үстіне ілінетін ең жақын көлденең бетке дейін; - жылыту радиаторларынан, басқа да жылыту аспаптарынан және пештерден кемінде 1 м; - ашық отты жылу көздерінен кемінде 5 м.

Жанармай құю станцияларында газ баллондарын толтырмаңыз!

ГАЗ АҒЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДА: - газ беруді жабыңыз; - терезелер мен есіктерді ашыңыз; - сіріңке, оттықтар жақпаңыз, темекі жағылған бөлмеге кірмеңіз; - жарық пен электр құралдарын қоспаңыз;

Оқиға туралы 101 немесе 112 нөмірі бойынша дереу хабарлаңыз!

Әділет ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Орман патологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу маңызды

Орман патологиялық зерттеу жұмыстарын жиі жүргізу өте маңызды болып саналады. Өйткені орман-патологиялық зерттеу дегеніміз бұл ормандардың жай-күйін бағалауға арналған іс-шаралар тобы. Іс-шара барысында ауру жұқтырған жерлер анықталады. Яғни түрлі зиянкестермен және аурулармен зақымдалған жерлер анықталады. Нәтижесінде ормандардың әлсіреуі мен құрауының себептері анықталып, зақымдану ошақтарының даму динамикасы болжанып, орманды қорғау шаралары белгіленеді.

Зерттеу нәтижелері бойынша орман-патологиялық зерттеу әкiсi жасалады, оны мемлекеттік орган немесе жергілікті өзін-өзі басқару органы бекітеді. Осылайша атқарылған жұмыс негізінде апаттық ағаштармен жұмыс жасау, барлық жасыл желектерге күтім жасау, алдағы жылдарда жаңа екпелерді отырғызуды қамтитын бірыңғай жұмыс жоспарын әзірлеу міндеті тұрады. Басты мақсат – жай ғана жасыл желектерді отырғызу, зиянкестер мен ауруларды анықтау емес, мәселеге ғылыми тұрғыдан қарау. Осы орайда «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде аталмыш жұмыстар жиі жүргізіліп, тиісті шаралар қабылданады.

Ормандар тіршілік үшін өте маңызды. Олар таза ауамен, ба-спанамен, азық-түлікпен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіп, адамзатқа қажетті қызметтерді ұсынады, табиғи апаттардан қорғайды. Сонымен қатар, ормандар көміртекті сіңіру мен жер шарындағы температураны реттеу арқылы климаттың өзгеруіне қарсы күресте шешуші рөл атқарады. Сондықтан орманды көз қарашығындай сақтау ісі баршамызға ортақ міндет.

Ж. АҚЖОЛОВ,

«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалының Аманбектер орманшылығының орман шебері.

Дала және орман өрттерінен сақ болайық

Өрт шығу қауіпі жоғарлаған кезең келді. Қазіргі күні Орталық диспетчерлік байланыс пунктiсiне дала өңiрi және құрғақ шөптiң өртенуi туралы хабарламалар түсуде. Өрт сөндiрушiлерге тыным жоқ. Бір өңiрдегi өрт сөндiрiлiп жатса, басқа маңнан жаңа өрт қылаң бередi. Барлық себеп күннiң ыстығында болып тұр. Қазiр өрт сөндiру бөлiмдерiнiң жеке құрамы күшейтiлген жұмыс режимiне көшiрiлген.

Қоршаған ортада туындаған өрттiң себептерi де әр түрлi. Оған ең бастысы адамның да кiнәсi бар десек артық айтпаймыз. Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын сөндiрмей кеткендерiнен, жол жиегiне өшiрмей тастай салған темекi тұқылынан өрт шыққан оқиғалар көп. Бұның барлығы да адамзаттың табиғат-Анаға деген немқұрайлы көзқарасынан туындайтындығы сөзсiз.

Қоршаған ортада орын алған өрттiң зияны да ерекше. Бірiншiден, ауа ластанса, келесi кезекте өрттiң орманды-далалы аумақтарға түсу қауiпi артады, мал жайылымын, шабындықты құртады. Биолог ғалымдардың айтуынша, өртенген орманның қалпына келуi үшiн кемiнде 1 ғасыр уақыт керек.

Осы жайттар қазiргi күнi Төтенше жағдайлар бөлiмiн алаңдатуда. Осыған орай көз жетiмдi жерлердiң барлығы Сарқан ауданының Төтенше жағдайлар бөлiмiнiң қызметкерлерiмен апта сайын орманды-далалы аумағын шарлауымен қадағаланып отыр. Барлық мақсат табиғат аясында шыққан жедел өрттi анықтап, оны сөндiруге күштердi мерзiмдi жұмылдыруға арналған.

Құрметтi аудан тұрғындары, Сарқан өңiрi өзiнiң көрiктi табиғатымен, жазиралы даласымен ерекшеленiп, көз тартады. Дала өрттерiн болдырмауы үшiн, әрқайсымыз қолдан келер өз үлестерiмiздi қосуымыз тиiс.

Мадияр САРКУЛОВ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Балалардың терезеден құлауы

Жыл сайын биік үйлердің терезелерінен құлап түскен балалар саны өсуде. Терезеден құлау- әсіресе қалалардағы балалардың жарақаттануы мен өлімінің негізгі себептерінің бірі болып табылады. Балалар өздерінің білімділігіне байланысты өте осал. Бұл туралы түрлі алуан жарақаттардан балалардың өлім-жітімінің жоғары деңгейі куаландырады.

Жыл сайын терезеден құлап түскен кезде балалардың қаза болу жағдайлары тіркеледі! Әдетте, құлаудың барлық жағдайларына балалар өз бетімен терезеге шығып, тіреуіш ретінде жиһаздың әртүрлі заттарын қолдана отырып, масаға қарсы торға сүйеніп, терезеден онымен бірге құлап кетеді. Бұл ретте құлаудың басым көпшілігі ересектердің балалардың тәртібіне бақылаудың жеткіліксіздігінен, терезелерді жабуды ұмытып кетулері және жақындарының жаңғалақтығынан, терезелерде блокираторлардың немесе терезе тұтқаларының болмауы, балаларға өз бетінше терезелерге шығуға мүмкіндік беретін жиһаздың дұрыс орналаспауынан және жабық терезенің иллюзиясын жасайтын маса торларының болуы салдарынан болды.

Р. АХМАРОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықпен күрес

Еліміз егемендігін алып өз алдына Қазақстан Республикасы болып материалістік тұрғыдан қалыптасты. Жоспарлы экономикаға негізделіп, соған лайықты заңнамаларды ұстанған бір кезеңнен, жаңа деңгейдегі нарықтық – капиталистік қарым – қатынасқа өтті. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жемқорлыққа қарсы күрестің бөлек іс – шаралары қолданылуда, алайда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңның қолданылуын бастама нүктесі деп санауға болады. Одан бөлек сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық базасын заңнама актілері құрайды. Мысалы : «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы. Сондай – ақ жемқорлыққа қарсы мамандандырылған

органдар бар. Мемлекеттік қызметтердің жауапкершілігін арттыру және билікті асыра пайдалануға жол бермеу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік істер агентігі құрылды. Мемлекеттік қызметті реформалау барысында өз уақытында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы келесі шаралар жүзеге асырылды: әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің бос лауазымдарына конкурстық іріктеуді жүргізу, ресми ант беру, бір мемлекеттік органда жақын туыстарының бірлескен қызмет шектеу, кірістер туралы декларацияны ұсыну және т.б.

Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимылдың қызметіне сенімін арттырудың маңызды аспектісі болуға тиіс. Сонымен бірге, сы-

байлас жемқорлыққа қарсы күрес жазалау әдістерімен ғана жүргізілмей, халық арасында құқықтық тәрбиені және сыбайлас жемқорлық іс – әрекеттерінің әртүрлі нысандарын қабылдамауды насихаттауға бағытталған ақпараттық – тәрбие жұмысы қажет. Жемқорлық елдің даму процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қатер төндіреді және сыбайлас жемқорлық проблемасын шешу үшін мемлекеттік органдардың күш – жігерін біріктіріп, нормативтік базаны жетілдіру қажет.

С. ИСАБАЕВА,

Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының бас маман – бас қазынашысы.

Ұрпақ ұмытпасын гесеке...

«Атамның Аманаты» қоғамдық бірлестігі жастарды рухани-адамгершілік, әскери-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруды жалғастыруда. Биыл бұл шаралар Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы С.Нұрмағамбетовтың 100 жылдығын және Халық Қаһарманы Р.Қошқарбаевтың 100 жылдығын мерекелеу аясында өтуде.

«Қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғыс майдандарындағы ерлігі» тақырыбындағы «Батыр баба тарих» викторинасы 2024 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында өтті. Жарысқа 30 команда қатысты. Зияткерлік ойынның финалына «Көлік және коммуникациялар жоғары колледжі», «Астана халықаралық университетінің» педагогикалық колледжі», З.Г.Мырзағұлова атындағы жоғары «Даналық» медициналық колледжі, «М.Жұмабаев атындағы халықаралық колледжі», «Шипагер» медициналық колледжі, «Сервис және туризм колледжі» командалары шықты.

Викторинаның финалы 2024 жылдың 26 сәуірінде өтіп, онда колледж студенттері өз командаларына белсенді қолдау көрсетті. Зияткерлік ойынның жеңімпаздары кубоктармен, құрмет грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Атамның Аманаты» ұйымының атына мұндай викторинаны өткізу қажеттілігі туралы жастардан да, колледж оқытушыларынан да көптеген оң пікірлер мен ұсыныстар келіп түсті.

Сонымен қатар, 2024 жылдың 22 мамырында Астана қаласындағы Достық үйінде «Аталар аманатына адалмыз» атты дөңгелек үстел өткізілді. Оған аты аңызға айналған батырлардың ұрпақтары – Лира Нұрмағамбетова мен Дәурен Қошқарбаев, белгілі ғалымдар мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілдері қатысты.

Орта арнаулы оқу орындары мен «Атамның аманаты» қоғамдық ұйымы арасында жастарды патриоттыққа рухта тәрбиелеу бойынша қол қойылған меморандумға сәйкес, 2022-2024 оқу жылында белсенді қызмет атқарған колледждер Кеңес Одағының Батыры – қазақстандықтардың ерліктері туралы баяндамалар дайындады.

Бұл шара ұрпақ сабақтастығының символына айналып, жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайта түскеніне сенімдіміз.

Астанадағы Триатлон паркте өткен 5 және 10 шақырымдық жарыс Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, тұңғыш қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов пен Халық Қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың жүз жылдық мерейтойы аясындағы бір айтулы шара болды.

Жарыс «Атамның Аманаты» ҚБ мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің ұйытқы болуымен ұйымдастырылды.

Оған Қарулы Күштердің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің,



Ұлттық ұланның мыңға жуық әскери қызметшілері мен төрт жүзден астам кәсіби желаяқтар мен спорт әуесқойлары қатысты.

Марафонға қатысушыларды «Қарулы Күштер ардагерлері» РҚБ төрағасының орынбасары, отставкадағы генерал-майор Марат Нағұманов құттықтады:

– Спорттық шаралармен атақты жауынгерлерді еске алу жақсы дәстүрге айналды. Өткен жылы тура осы жерде екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, авиация генерал-майоры Талғат Бигелдиновке арналған жарыс өткен еді. Бүгінгі жарыс аты аңызға айналған батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рахымжан Қошқарбаевтың жүз жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Осы аламанға қатысу – олардың ғасырлар бойы жасай беретін ерліктеріне деген тағзым мен

құрмет.

Сондай-ақ, 2024 жылдың 31 мамырында біздің бірлестігіміз Қазақстан Республикасы Құрлық әскерлерінің Ақмола гарнизонында орналасқан 68655 әскери бөлімінде елордалық студенттерге арналған «Ашық есік күнін» ұйымдастырды. Онда болашақ Отан қорғаушылар сарбаздардың тұрмыс жағдайын өз көздерімен көрді, салтанатты әскери ант қабылдауға куә болып, қару-жарақ пен әскери техника түрлерімен танысты.

Бұл іс-шара жастар арасында әскери қызмет мәртебесін көтеруге, патриоттық сезімдерін дамытуға ықпал етті деп ойлаймыз.

«Атамның Аманаты» қоғамдық бірлестігі.

Жұмыс берушілер мен шағын, орта бизнес кәсіпорын басшылары назарына!

Бейресми еңбек қатынастарын болдырмау және анықтау, еңбек қатынастарының жасырын нысандарын қысқарту, азаматтардың еңбек саласындағы құқықтары туралы хабардар болу деңгейін арттыру мақсатында облыстық Еңбек инспекциясы басқармасымен аудан аумағында тұрақты мониторинг жүргізілетіні хабарланады!

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 23-бабының талаптарына сәйкес, жұмыс беруші:

* Жұмысқа қабылдау кезінде қызметкермен еңбек шартын жасасуға, оның бір данасын қызметкерге беруге;

* Еңбек қауіпсіздігі жөнінде оқудан өтуге және және жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі жөнінде уақытылы нұсқаудан өткізуге;

* Жазатайым оқиғаны уақытылы еңбек инспекциясына хабарлауға;

* Қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыруға;

* Электрондық еңбек шарттарын Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (enbek.kz) енгізуге;

* Еңбек шартында көрсетілген жалақыны, сондай-ақ өзге де төлемдерді уақытылы және толық көлемде төлеуге міндетті.

Аталған талаптарды орындамаған жұмыс беруші 30 АЕК-тен (110 760 теңге) 1000 АЕК-ке (3 692 000 теңгеге) дейінгі көлемде әкімшілік жауапкершілікке тартылады және жиналған тергеп тексеру материалдарын құқық қорғау органдары мен сотқа жолдауға алып келеді.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша, Сіздер, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 26 үй мекен-жайында орналасқан Жетісу облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасына жүгіне аласыздар. Тел.:8(7282)32-94-32, 32-94-41, E-mail: obl.inspekcia@zhetysu.gov.kz, era.dauletuly@mail.ru.

Балайым ШАЙМОРДАНОВА,
Жетісу облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасының бас маман – мемлекеттік еңбек инспекторы.

К сведению работодателей и руководителей предприятий малого, среднего бизнеса

Уважаемые, работодатели, руководители предприятий малого и среднего бизнеса Саркандского района!

Сообщаем, что в целях недопущения и выявления неформальных трудовых отношений, сокращения скрытых форм трудовых отношений, повышения уровня информированности граждан об их правах в сфере труда Управлением по инспекции труда области Жетісу ведется постоянный мониторинг организации области.

Согласно требованиям ст.23 Трудового Кодекса Республики Казахстан работодатель обязан:

- При приеме на работу заключать трудовой договор, с вручением одного экземпляра работнику;

- Проходить обучение по охране труда и своевременно проводить инструктаж работников по охране труда;

- Страховать работников от несчастных случаев;

- Своевременно сообщить о несчастном случае в инспекцию труда;

- Вносить электронные трудовые договора в Единую систему учета трудовых договоров (enbek.kz);

- Своевременно и в полном объеме выплачивать зарплату, указанную в трудовом договоре, а также иные выплаты.

Работодатель, не выполнивший данные требования, подлежит административной ответственности в размере от 30 МРП (110 760 тенге) до 1 000 МРП (3 692 000 тенге) и собранные материалы расследовании будут переданы в правоохранительные органы и суд.

По всем возникающим вопросам, Вы можете обратиться в Управление по инспекции труда области Жетісу по адресу: г.Талдықорған, ул.Қабанбай батыр, дом 26. Тел.:8(7282)32-94-32, 32-94-41. E-mail: obl.inspekcia@zhetysu.gov.kz

Балайым ШАЙМОРДАНОВА,
государственный инспектор труда, главный специалист управления по трудовой инспекции Жетысуской области.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер-өмір сапасы

Егемендік алған жылдар ішінде қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі оңтайлы өзгерістер орын алып келгені рас. Мемлекеттік қызмет жүйесін электронды форматта жетілдіру, оған азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін үкімет алдында тұрған маңызды стратегиялық міндеттердің бірі болып табылады.

Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жеке түрде олардың құқықтарын, бостандықтарын мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер: жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бірден-бір түрі. Мем-

лекет алдына қойылған негізгі міндеттер жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізу, бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

1.Электрондық үкіметтің веб-порталы және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы көрсетіледі.

2.Мемлекеттік корпорация арқылы;

3.Көрсетілетін қызметті берушілер арқылы;

Округ аумағындағы қалыптастыру процесін автоматтандыру үшін @ Egov, KZ ПОРТАЛЫ енгізілген. Мемлекеттік қызметтерді ұсынудың автоматтандырылған түрінің артықшы-

лықтары – олардың қолжетімділігі және бенефициарлардың қолайлылығында. Қызметтерді автоматтандырылған режимге ауыстырудың негізгі артықшылығы ретінде мыналарды атап өтуге болады: қызмет алу туралы ақпарат алуға қолжетімділік; мемлекеттік қызметтерді алу рәсімдерін жеңілдету, қызмет алуға байланысты уақытша шығындарды қысқарту; үйден немесе жұмыс компьютерінен мемлекеттік қызметтерге өтініш беру мүмкіндігі. Мемлекеттік қызметтер көрсетуін жақсарту, баламалы және электрондық қызметтердің үлесін көтеру мақсатында ХҚКО арқылы және электрондық қызметтердің кең таралуын және пайдаланушыларды арттыру

үшін мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын көтеру жөнінде шаралар болып табылады. Аманбөктер ауылдық округі әкімі аппараты тұрғындарға, орта мектептердің және балабақшалар ұжымымен, ауыл тұрғындарына мүмкіндігі шектеулі адамдардың арасында аудан әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторинг бөлімі бекіткен жоспарға сәйкес мемлекеттік қызметтер жәрмеңкелерін тұрақты өткізіп тұрады.

А.ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ,
Аманбөктер ауылдық округі әкімінің аппараты ММ-нің бас маманы.

Өнегелі ата өсиеті



Жуырда Алмалы ауылдық кітапханасында мәнді ғұмыр сүріп, артына мағыналы сөз қалдырып, абыз ақсақал атанған Жақыпов Сабырхан Нақысбекұлын еске алуға арналған "Өнегелі ата өсиеті" атты кеш өтті. Шараның мақсаты өлкеміздің өнегелі қаламгерінің өмірін дәріптеу, жас ұрпаққа үлгі етіп, адамгершілікке баулу.

Ауыл зиялылары мен аудандық мәдениет үйі кітапханашылары және атамның жұбайы Бақытқайша анамызбен қоса Жақыповтар және Кариповтар әулетінің ұрпақтары жиналған тағылымды кеште ақын атаның өмірбаяны, өзі қолданған заттары мен қол жазбаларынан жинақталған көрме ұйымдастырылды. Ауыл ағалары ақылман атаны сағынышпен еске алып, өлең жолдары оқылып, ауылдың мәдениет үйі қызметкерлері және "Ақ әжелер" ансамбль мүшелерінің қатысуымен әсем ән орындалған тағылымдық кеш соңында отанасы жылы лебізін ақтарып, жиналған жұртшылыққа өз алғысын білдірді. Алыстан келген анамызға шапанын жауып, ақ жаулығын тағып батасын алдық. Осылайша ақылман атамның өсиетін жас ұрпаққа ұқтырған өнегелі шара тәрбиелік мәні зор болуымен ерекшеленді.

Алмалы орта мектебінің мұғалімдері Гүлнара Мәртебеқызына, Идрисов Рүстем мырзаға, Рысбеков Асхат мырзаға және Нұргүл Жарылқасынқызына ерекше алғыс айтып, осы іс - шараға атсалысқан әр қатысушыға өз ризашылығымызды жеткіземіз.

Баян АҚЫПБЕКОВА,
Алмалы ауылдық кітапханашысы.

Еен туған күн, мерекеңмен!

Сарқан ауданы Көкжиде ауылының тұрғыны, асқар таудай әкеміз **Мұқаев Берік Құрманғалиұлы**н маусым айындағы мерейлі 70 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз. Құттықтай отырып мына өлең шумақтарын арнаймыз:

Құтты болсын 70 жасыңыз,
Сексеннің де сеңгірінен асыңыз.
Қуат алып денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз.
Балалардың ортасында жүріңіз,
Шаттық нұрдан айықпасын жүзіңіз.
Тілек еттік шын жүректен бәріміз,
Мықты болып, ұзақ өмір сүріңіз!



Тілек білдіруші: жұбайы және балалары.

Сарқан қаласының тұрғыны, сыйлас сыныптасымыз, құрметті құрбымыз **Толубаева Нұрмәнді** 6 шілде күні 60 жасқа толғанып мерейтойымен құттықтаймыз. Туған күн иесі өзінің ақ пейілі мен ықылас-құрметімен кез келген жанды баурап алады. Қадірлі Нұрмәнді, сені туған күніңмен шын жүректен құттықтаймыз, ойлаған арманыңа жетуіңе тілектеспіз. Шаңырағыңа құт-береке, бейбіт күннің арайлы шуағы мейлінше төгіле тұссін, деніңе - саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Абырой, амандығың арта берсін.
Бақ-дәулет қызығымен қатар берсін,
Қонағың жақсы көрген жиі келіп,
Таусылмас дәм-тұзыңды тата берсін.



Ізгі тілекпен: құрбылары, құрдастары, сыныптастары.

Хабарландыру

«Жетісу облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Сарқан ауданының мансап орталығы» филиалы, аудан, қалаларда 2024 жылдың 3-тоқсанында аз қамтылған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін облыс аумағында қолданылатын ең төменгі күнкөріс деңгейі 48436 (қырық сегіз мың төрт жүз отыз алты) теңге, кедейлік шегі 33905 (отыз үш мың тоғыз жүз бес мың) теңге.

Объявление

Для назначения адресной социальной помощи малообеспеченным семьям 3 квартале 2024 года прожиточный минимум, применяемый на территории области 48 436 (сорок восемь тысяч четыреста тридцать шесть) тенге, черта бедности 33 905 (тридцать три тысячи девятсот пять) тенге.

Выезд в регионы

РЕМОНТ
Холодильников, Морозильников.

С выездом на дом

ОБРАЩАТЬСЯ СОТ. 87714608727.

Ахметов Азамат Балтабековичтің атына ҚР ІІМ-нен 22.08.2022 жылы 051545035 нөмірімен тіркелген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Әркім өз жүрегінде не жатқанын ісімен көрсетеді

Бір байдың сарайына кедей кісі қайыр сұрап келеді. Бай «не істер екен?» деп оның қолына бұзылған тамақ толған себет ұстата салады. Әлгі кедей үйіне барып ішін ашса жеуге жарамсыз тамақ қалдықтарын көреді. Байдың ісіне жымпып күледі. Сосын себетті тазалап, ішін алуан түрлі, жұпар иістері аңқыған гүлдермен толтырады да байдың сарайына қарай беттейді. Қайта келмес деген кедейдің себет толы гүлмен келгенін көрген бай қатты таңырқайды. Сосын: «Бұл не үшін?» - деп сұрайды. Сонда әлгі кедей: «Әркім өз жүрегінде не жатқанын ісімен көрсетеді» - деп сарайдан шығып кетті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ШЖҚ "Сарқанжылу" ММК -і 2024 жылдың 1 тамыздан 2024-2025 жылмен қамтамасыз ету бойынша қызметтер тарифіне өзгерістер енгізілгені туралы хабарлайды.

1Гкал-ға:

Жеке тұлғалар есептеу құрылғылары барларға – 3657,92 тг

Жеке тұлғалар есептеу құрылғылары жоқтарға – 4389,50 тг

Жеке тұлғалар есептеу құрылғылары жоқтарға 1 шаршы метрге – 166,80 тг

Есептеу құрылғылары жоқ бюджеттік ұйымдар үшін – 16536,76 тг

Есептеу құрылғылары бар бюджеттік ұйымдар үшін – 5671,68 тг

Есептеу құрылғылары жоқ басқа тұтынушылар үшін – 10028,92 тг

Есептеу құрылғылары бар басқа тұтынушылар үшін – 7621,66 тг (НДС- пен бірге)

ШЖҚ "Сарқанжылу" ММК-і. Жұм. тел 2-54-89 Өрік.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГКП на ПХВ "Сарқанжылу" уведомляет об изменении тарифа на услуги теплоснабжения с 1 августа 2024 года на отопительный сезон 2024-2025 за 1 Гкал:

Население с ПУ- 3657,92тг

Население без ПУ- 4389,50 тг

Население без ПУ за 1 м2 – 166,80 тг

Бюджетные организации без ПУ – 16536,76 тг

Бюджетные организации с ПУ- 5671,68 тг

Прочие потребители без ПУ – 10028,92тг

Прочие потребители с ПУ – 7621,66 тг (с НДС-ом)

ГКП на ПХВ "Сарқанжылу"

Раб. тел 2-54-89 Өрік